

Н.С.Жумашева,<sup>1</sup> Н.А. Орахова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,  
Атырау, Қазақстан

## КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Аңдатпа*

Кредиттік білім беру жүйесіндегі студенттердің зерттеу жұмыстары ғылыми-техникалық және мәдени прогрестің жетістіктерін тәжірибеде шығармашылықпен қолдана алатын мамандарды даярлау мен тәрбиелеу сапасын арттырудың маңызды құралы болып табылады. Студенттерді ғылыми жұмысқа баулу олардың шығармашылық қабілетін, шығармашылығы мен сыни ойлауын, ғылыми жұмыс мәдениеті мен этикасын дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеушілер атап көрсеткен кредиттік білім беру жүйесіндегі студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мамандардың зерттеушілік құзыреттіліктерін студенттердің ғылыми таным әдісін игеруі және соның негізінде оқу материалын терең және шығармашылықпен игеруі; ғылыми-техникалық мәселелерді өз бетінше шешу әдістемесі мен құралдарын игеруі; ғылыми топтарда жұмыс істеу дағдыларын алу және ғылыми жұмысты ұйымдастыру әдістерімен танысу; қоғам мен мемлекеттің ғылыми-техникалық мәселелерін шешуге тікелей қатысуды қалыптастыруға бағытталған.

*Түйін сөздер* зерттеушілік әрекет,, кредиттік технология ,оқыту, білім беру моделі

Н.С.Жумашева<sup>1</sup>, Н.А. Орахова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Атырауский государственный университет им.Х.Досмұхамедова  
(Атырау, Казахстан)

## ФОРМИРОВАНИЕ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ В СИСТЕМЕ КРЕДИТНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Аннотация*

Научно-исследовательская работа студентов в системе кредитного образования является важным средством повышения качества подготовки и воспитания специалистов, способных творчески применять в практической деятельности достижения научно-технического и культурного прогресса. Привлечение студентов к научной работе позволяет развивать их творческий потенциал, креативность и критичность мышления, культуру и этику научного труда.

Научно-исследовательской работы студентов в системе кредитного образования, которые выделены исследователями направлены на формирование исследовательских компетенций специалистов: овладение студентами научным методом познания и на его основе углубленное и творческое освоение учебного материала; овладение методикой и средствами самостоятельного решения научно-технических задач; приобретение навыков работы в научных коллективах и ознакомление с методами организации научной работы; непосредственное участие в решении научных и технических задач общества и государства.

*Ключевые слова* , научно-исследовательской работа, кредитная технология , образовательная модель.

N.S. Zhumasheva,<sup>1</sup> N.A. Orakhova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>H. Dosmukhamedov Atyrau state University  
Atyrau, Kazakhstan

## FORMATION OF SCIENTIFIC RESEARCH ACTIVITY OF STUDENTS IN THE SYSTEM OF CREDIT EDUCATION

*Abstract*

The research work of students in the system of credit education is an important means of improving the quality of training and education of specialists who are able to creatively apply the achievements of scientific, technical and cultural progress in practice. Attracting students to scientific work allows them to develop their creativity, creativity and critical thinking, culture and ethics of scientific work. Research work of students in the system of credit education, which are highlighted by researchers, are aimed at the formation of research competencies of specialists: mastering by students the scientific method of cognition and, on its basis, in-depth and creative mastering of educational material; mastering the methodology and means of independent solution of scientific and technical problems; acquiring the skills of working in research teams and familiarization with the methods of organizing scientific work; direct participation in solving scientific and technical problems of society and the state.

**Keywords:** information culture, a future teacher, training, educational model

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларында жеке тұлғаның, білімгердің, сыни ойлау қабілетін, өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттілігі» -деп, айқын көрсетілген [1]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген [2].

Қазіргі кредиттік білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Студенттердің кредиттік оқыту жүйесінде оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметінде ғылымдағы тұлға, ақиқат, шығармашылық, ерік, мәдени-шығармашылық диалог сияқты ізгілік құндылықтарын тұлғаның игілігі болғанынан бастап қазіргі заманғы интеллектуалды және зиялы маманның қабілеттерін саналы түрде тәрбиелеуді қамтамасыз етеді.

Студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметі логикалық, интуитивтік, эвристикалық, рефлексивті, эмпатиялық компоненттердің интеграциясында қаланған шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу тұтасты, көпқырлы, көпжүйелі, «ашық тұлға-құндылық-бағыт» жүйесі ретінде қарастырылады.

Әдістемелік, интеллектуалдық, креативті, ақпарат мәдениеті, бір жағынан, студенттердің күнделікті интеллектуалды және креативті белсенділікті қамтамасыз ететін тұлға тәжірибесінің шығармашылық, зерттеу қызметінің дамуына қажетті және жеткілікті жағдай болып табылса, екінші жағынан, оның нәтижесі және ғылыми мәдениеттің және өздігінен жетілуін өзін-өзі тәрбиелеудің тұлғалық негізі болып табылады. Ғылым мен білімді дамытудың маңызды бөлігі болып саналады. Ол нақты нысандар мен ұғымдармен эксперимент жүргізетін студенттерді қамтиды. Ғылыми мазмұнды дамытып қана қоймай, ғылыми процестің дағдыларын, шығармашылық ойлауды, мәселелерді шешу қабілетін және ғылыми әдісті дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, студенттер жобаларында сыни ойлау, ғылыми үдеріс пен пәндер бойынша жинақталған білімді және өндірісте қолдана алатынын көрсетті.

Эксперименттік жұмыс – нақты жағдайды есепке ала отырып педагогикалық үдерісті немесе белгілі бір құбылысты, мәселені зерттейтін ғылыми тәжірибе. Педагогикалық экспериментке сүйеніп, зерттеуші оқу-тәрбие үдерісінің тиімді жолдары мен әдіс тәсілдерін, формаларын, мазмұнын тексере алады. Эксперимент (латын сөзі *experimentum* – тәжірибе деген мағына береді) – ежелден қалыптасқан ғылыми-зерттеу әдістерінің бірі болып табылады. Эксперимент алғашқы кезде адамдарда қоршаған ортаны бақылау, танып білуінен басталды. Алғашында адамдар табиғат құбылыстарын бақылап, кейін жиналған бақылау фактілерінен белгілі бір білім тәжірибесін жинақтады. Осындай құбылыстарды меңгеру, тану барысында қоршаған дүниені танып білу үдерісі арқылы оның әлеуметтік, объективтік жақтарын меңгере бастады. Содан бері эксперимент танып білу құралының сенімді әдісіне айналды. Эксперимент әрқашанда бақылау әдісімен байланысты. Алайда эксперимент пен бақылау бір нәрсе емес. Эксперимент барысында зерттеуші

құбылысты жай ғана бақылап қоймай, сол құбылыстың өзгеруіне де мүмкіндік жасайды. Педагогикалық экспериментті зерттеуші өзі жүргізсе, белсенді эксперимент, ал зерттеушінің ғылыми жазба ұсынысы бойынша екінші бір адам жүргізсе енжарлы эксперимент деп аталады. Эксперимент зерттеушіден диалектикалық заңдылықты, теориялық және практикалық шығармашылық бағыттылықты ұстауды талап етеді. Осының негізінде ғылыми эксперименттің теориялық және практикалық маңызы айқындалады. Эксперименттің танымдық мақсаты зор. Ол алдын-ала қойылатын және пайда болатын сұрақтарға да жауап береді. Ол туралы жаңа мәселелер туындайды, оны зерттеу барысында жаңа әдістер мен ғылыми жобалар ұйымдастырылады. «Ізденіс белсенділігі» өлшемі – зерттеу әрекетінің басты қайнар көзі және негізгі қозғаушы күші ретінде роль атқарады. Ол зерттеушілік қабілетінің мотивациялық құрамдас бөлігін сипаттайды. Ізденіс белсенділігіне деген талпыныс биологиялық қасиет болуы да, кейде сыртқы факторлардың әсерімен де дамуы мүмкін. Жоғары мақсаттылық (мотивация), қызығушылық, сезіммен берілу – «ізденіс белсенділігінің» бар екендігін байқататын зерттеу әрекетінің қажетті құрамдас бөлігі. Дивергентті нәтижелік немесе дивергентті ойлау қабілеті мен бейімділік зерттеу мінез-құлқы жағдайындағы аса маңызды қасиет. Бұлар зерттеушілік мінез құлықтың ажырамас бөлігі. Зерттеу әрекетін қажет ететін нақты жағдайларда жоғары дамыған конвергентті ойлау қабілеті болмаса, дивергентті ойлаудың да, іздену белсенділігінің де пайдасы жеткіліксіз. Себебі, конвергентті ойлау – проблеманы талдау мен синтездей білу қабілеттері арқылы қисынды алгоритмдер негізінде мәселені шешу дарынымен тығыз байланысты, бұл сатыларда жағдайды саралау мен бағалау, ойлар мен тұжырымдар жасай білу маңызды және ол зерттеу объектісін табысты дайындау және жетілдірудің, табылған ақпараттың, бағалаудың және рефлексияның басты жағдайы болып табылады. Қорытындылау мен ой бекітуді қалыптастыру, зерттеу объектісін сәтті талдау және жетілдіру, табылған ақпараттарды бағалау сияқты маңызды шарттармен тығыз байланысты.

Сондай-ақ, қорыта келгенде, бірінші, зерттеушілік технология – өзінің дидактикалық негізі бойынша шынайы өмірде, тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыруды көздейтін, білім берудегі құзіреттілік тәсілді қолдайтын технология. Екіншіден, жоғары білім беру жүйесінде зерттеушілік технологиясының ерекшелік жағы ол жеке тұлғалық қасиеттерге бағдарланған оқыту, проблемалық бағытқа және шығармашылық сипатқа ие, оның басты бағдары – білім беру, жаңа дүниені ашу мен іздену арқылы білімді іс жүзінде қолдану; білім алушының жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту, білім біліктерді игеру мүмкіндіктерімен оларды қолдану жолдарын көрсетеді. Үшіншіден, зерттеушілік қызмет дегеніміз – жаңа білім алуға бағытталған шығармашылық қызмет. Студентті зерттеушілік қызметке үйретуде оқытушының өзі дайын болуы, демек ұстазда зерттеушілік қызмет, зерттеушілік мәдениет қалыптасуы шарт.

Сонымен, студенттердің ғылыми әрекетінің мақсаты оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау негізінде жаңа білім алу, жаңа технологиялар әзірлеу, танымның жаңа әдістерін алу мен игеру болып саналады. Зерттеу әдістері әдетте былай жіктеледі: жалпы ғылыми (сараптау, синтез, салыстыру, қарсы қою, балама, индукция, дедукция және т.б.), жеке ғылыми (әлеуметтік: сауланама, анкета жүргізу, әңгімелесу, сұхбат алу және т.б.; статистикалық: орташа көлемді айқындау – орташа арифметикалық, орташа квадраттық ауытқулар; математикалық: шкаласын анықтау, өлшеу, математикалық модельдеу және т.б.). Өткізу түрлері: студенттің оқу-зерттеу жұмысы және студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы – курс және дипломдық жұмыстары, магистрлік диссертация, ғылыми конференция, олимпиада, студенттік ғылыми жұмыстардың конкурсы, жазғы ғылыми мектептер, студенттік конструкторлық бюро және басқалар. Бүгінгі білім беруді модернизациялау кезінде білім алушылардың оқу қызметі көбіне зерттеушілік қызметке айналуға.

Сондықтан да қазіргі таңда оқу үрдісіне, студенттердің ғылыми (оқу) – зерттеушілік және эксперименталды-конструкторлық қызметін ендіру ерекше мәнге ие болып отыр. Тәжірибені талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, бәсекеге қабілетті маман зерттеушілік қызмет пен дағдыны меңгеруі тиіс. Жоғары оқу орнындағы білім берудің зерттеушілік ұстанымы студенттерді ғылым саласында қолданылатын зерттеудің негізгі әдістерімен таныстыруды, зерттеу әдістемесінің тиімді элементтерін меңгеруді және құбылыстар мен үдерістерді зерттеу арқылы өзбетінше жаңа білімдерді игеруге мүмкіндік береді. Зерттеушілік ұстанымды қолдану студенттердің танымдық қабілеттерін дамытады, білім алушылардың белсенділігін және өзбеттілігін арттыруға, танымдық қызметтің әдіс-тәсілдерін игеруге қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Қазіргі таңда болашақ кәсіби мамандар даярлауда, студенттерді ғылыми-зерттеу қызметінің негіздеріне үйретудің жаңа жүйесін жасау қажеттілігі туындап отыр.

Студенттерді осындай қызмет түріне дайындау мемлекеттік білім беру стандарттарында көрініс тапқан және жоғары білімді маман моделінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жоғарыда анықталған мәселелерді саралай келе, біз студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің мәнін олардың білімдерімен, ғылыми таным іскерлігімен, дағдыларымен, сондай-ақ зерттеудің нәтижелеріне деген құндылық көзқарасымен сипатталатын өзін-өзі тануын және өзіндік шығармашылық жетілуін қамтамасыз ететін кешенді қасиет деп анықтадық.

Сонымен, біз жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие жұмысын реформалауға, білім беру жүйесін жетілдіруге, сол арқылы түпкі сапалық нәтижеге қол жеткізіп, бәсекеге қабілетті, құзіретті, жан-жақты білімді азаматтар қалыптастыру жолындағы студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің түрлерін оқу үдерісінде қалыптасқан педагогикалық жүйе деп есептейміз. Сондықтан, студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің педагогикалық жүйесін арнайы ұйымдастыру – оқу үдерісін жетілдіру мәселесінің негізгі шарты болып табылады. Жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының, білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаудың басты мақсаты мамандықтарды игерту ғана емес, әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін кәсіби құзыреттілік мүмкіншіліктері арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін жүзеге асыру — қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру дегеніміз — студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, дәстүрлі өнерді, білімді қолдана білу, жан-жақты ізденуге бағыттауды қалыптастыру.

Бүгінгі таңда әр пәннің оқытылуы білім алушыда жан-жақты дамытуды көздеу, студент бойындағы зерттеушілік қабілетін дамыту, оның дербестігі мен белсенділігіне дұрыс бағыт беру сияқты мәселелерді жан-жақты шешу қажеттілігі ескерілуде. Білім берудегі шынайы мақсат адамға белгілі бір білімді жеткізу ғана емес, сондай-ақ оның рухани, адамгершілік тұрғыдағы және зерттеушілік қабілетінің мәнін дамыту. Бүгінгі таңда жас ұрпақтың өмірден өз орнын табуы үшін өз бойындағы табиғи дарыны мен қабілетінің ашыла түсуіне де көмектесудің қажеттілігі арта түсуде. Өзін-өзі тану жас ұрпаққа жолдастары арасында өзін сыйлата білуге, өзін-өзі жетілдіріп, басқадан үлгі алуға, қоршаған орта жағдайында өзіне-өзі бағыт алуына, өз бетінше бір шешім айта алуына, әр іске жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді. Бірақ бұл жолда мұғалімге үлкен шығармашылық пен ізденіс керек. Онсыз ұстаздың бала жүрегіне жол табуы мүмкін емес.

Қазіргі қоғам шығармашылық қабілеті бар, талантты іскер мамандарға мұқтаж.

Зерттеудегі шығармашылық өте күрделі процесс. Әр адам осы уақытқа дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгертуге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім, білік, дағдыны қабылдайды және зерттеушілік әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінде зерттеушілік, ізденіштік қабілеттерін дамыту өте ерте кезден бастап қолға алуды қажет етеді. осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Сондықтан студенттердің ғылыми-зерттеушілік қызметін қалыптастыру уақыт пен зор еңбекті талап ететін, жауапкершілігі мол жұмыс. Соның негізінде студенттерге жоғары сапалы білім беру - ол ізденіс арқылы, білім алушының құштарлығы мен қызығушылығы арқылы, сабақта жаңашылдық әдістерді пайдалану арқылы өздігінен еңбек етуге, алған білімін жаңа материалдармен ұштастыра білуге дағдыландыру. Ғылыми жұмыс жазу барысында студенттің бойында ізденіс әрекетін ұйымдастыру, проблеманы тану және оны шеше білу дағдысын қалыптастыру керек.

Жалпы ғылыми - зерттеушілік жұмыстарға қабілетті, көбінесе шапшаң, тез ойланатын, көп көлемде білім меңгеретін, оны ұзақ уақыт ұмытпайтын және олардың түсінігі өте жоғары, сезімтал, ойға алған нәрсесіне, алдына қойған мақсатына қалай да жетуге тырысатын, адамгершілік құндылығы дамыған, моральдық қасиеттерге өте бай, қиял күші басым студенттермен жұмыс жасалады.

Студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін басты мына мәселелерге тоқталған жөн:

- әрбір студенттің жек-дара ерекшеліктерін ескеру;
- студенттердің қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;
- студенттердің өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Қабілеттілерді ерте айқындау, оларды тәрбиелеу білім беру жүйесін жетілдірудегі негізгі міндет болып табылады. Арнайы бағдарда оқыту тәсілінің негізінде зерттеуші студенттерге практикалық көмек көрсету, психо-диагностикасын жүргізу, қабілеттерін зерттеу арқылы жақсы

нәтижелерге жетуге болады. Студенттердің дүниетанымын кеңейту, зерттеушілік қызметке баулу, ізденушілік қасиеттерін жетілдіруде

-сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу;

-үйірме, клубтар жұмыстары;

-олимпиадаға дайындау;

-конференция;

-КВН;

-дәстүрлі емес сабақ түрлерін жүргізуді ұйымдастыру жұмыстарын өзін-өзі басқару әдісі бойынша жүргізу керек.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің қарқынды дамуы студенттердің өздігінен білім алуына кең жол ашты. Соның негізінде адам қабілеттері мен икемділіктерінің барынша дамуына ықпал етті. Бұл білім беру технологияларын жетілдіріп, студенттердің оқу белсенділігін арттыруға жетелейді. Бүгінде заманның ағымына сай оқытудың технологияларына арналған бірнеше оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді.

Демек, студенттерге толыққанды білім беру үшін бар мүмкіндікті пайдаланып, оқыту технологияларын жетілдіру көп нәтижеге қол жеткізеді.

Оқытудың кредиттік жүйесінде, негізінен, зерттеушілік жұмыстар оқытушының басшылығымен және дәрісханадан тыс уақытта да ұйымдастырылады.

Зерттеушілік жұмыс – ізденіс айнасы. Студенттер зерттеу жұмысы арқылы білмегенін білуге, білгендерін одан әрі толықтырып, жетілдіруге ұмтылады. Сабақтың негізгі мазмұнымен таныстырып, пәннің проблемалық сипатын анық жеткізгенде ғана студенттер өз бетімен жұмыс істеуге ынталы болады. Берілетін материалдардың сипатын анықтап, оқытудағы сабақтастықты сақтағанда, студенттердің білімдері кеңейе түседі. Зерттеу жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы, көбінесе, оны шығармашылықпен ұйымдастырып, дұрыс жүргізуге тікелей байланысты.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1.Қазақстанның үшінші заңғуы: zhahandyқ bәsekege қabiletilik» Қазақстан Respublikasynyң Prezidenti N.Ә. Nazarbaevtyң Қазақстан halқына ZHoldauy. 2017 zhylғы 31 қаңтар // <http://www.akorda.kz/>

2. Қазақстан Respublikasynyң «Bilim turaly» Заңы. 27.07.2007 zh., №319- III ҚРЗ. Astana. Ақорда // <http://adilet.zan.kz>.

3. Таубаева SH. Issledovatel'skaya kul'tura uchitelya: metodologiya, teoriya i praktika formirovaniya. – Almaty: Alem, 2000. – 381 s.

4. Smagulova G. Studentterdiң zertteu қabiletterin damytu bazarlamasyn өңdejtin teoriyalық negizderi [Tekst] / G. Smagulova, SH. M. Majgel'dieva // Molodoj uchenyj. — 2015. — №8.2. — S. 33-35.

5. ZHigitbekova B.D. Оқыту үрdisinde psihologiyalyқ treningti қoldanu // Abaj atyndaғы ҚазҰПУ-нің habarshysy. «Psihologiya» seriyasy, 2017. – S.36-39.

6. ZHigitbekova B.D., Kanaeva S.T. – Toptyқ psihologiyalyқ treningtegi psihogimnastikanyң орny zhәne rөli // Abaj atyndaғы ҚазҰПУ-нің habarshysy. «Psihologiya» seriyasy, №4(53), 2017.